


«БЕКІТЕМІН»


Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин
атындағы №11 облыстық мамандандырылған
мектеп-интернатының директоры

 _____
А.Хамзина
« ____ » _____ 2021 ж.



«КЕЛІСЕМІН»

Батыс Қазақстан облысының білім
басқармасының орынбасары:

 _____
С.Темірғалиева
« ____ » _____ 2021 ж.



«КЕЛІСЕМІН»

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық
орталығының директоры:

_____ Т.Нуркешов
« ____ » _____ 2021 ж.

**Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин
атындағы №11 облыстық мамандандырылған
мектеп-интернатының
2021 – 2022 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Түсінік хат

Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі №289 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (75-қосымша, 77-қосымша, 81-қосымша, 83-қосымша) бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде 4-10 сыныптар 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітіліген өзгерістер мен толықтыруларымен (12-қосымша, 14-қосымша, 18-қосымша, 20-қосымша), 11 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітіліген өзгерістер мен толықтыруларымен (27-қосымша, 29-қосымша) және 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатын ескере отырып құрылды.

Мектептің оқу жұмыс жоспары 12 бөлімнен тұрады:

1. Бастауыш сыныптардың оқу жұмыс жоспары;
2. 5а, 5б, 5в, 6а, 6б, 6в - сыныптарының оқу жұмыс жоспары;
3. 7а, 7б, 7в (физика-математика) 7г, 7д - сыныптарының оқу жұмыс жоспары;
4. 8а (қоғамдық-гуманитарлық) және үш тілде оқытатын 8б (химия-биология бағыты), 8в, 8д (физика-математика бағыты) және 8г (өнер) сыныптарының оқу жұмыс жоспары;
5. 9а (қоғамдық-гуманитарлық) және үш тілде оқытатын 9б (химия-биология бағыты) және 9в (физика-математика бағыты) оқу жұмыс жоспары;
6. Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10а сыныптың оқу жұмыс жоспары;
7. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы (химия-биология бағдары) 10б сыныптың оқу жұмыс жоспары;
8. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы (физика-математика бағдары) 10в және 10г сыныптарының оқу жұмыс жоспары;
9. Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11а сыныптың оқу жұмыс жоспары;
10. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы (химия-биология бағдары) 11б сыныптың оқу жұмыс жоспары;
11. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы (физика-математика бағдары) 11в сыныптың оқу жұмыс жоспары;
12. Өнер мектебінің оқу жұмыс жоспары.

Оқу жұмыс жоспарының міндеті: оқушылар үшін ақпараттық кеңістіктің дамуын қамтамасыз ету, функционалдық сауаттылықтарын дамыту, білім беру мазмұнының сабақтастығын және оқушылардың көплингвистикалық даму орталығына жағдай жасау.

Сонымен бірге, оқу жұмыс жоспары төмендегі міндетті де шешуге бағытталуы тиіс.

Қоғам өмірінің барлық салаларындағы жаһандық өзгерістер, ақыл-ой қабілеттері жоғары балаларды тиімді оқытуды ұйымдастыру мәселесін білім беру жүйесінің алдына қоя отырып, жана заман талабына жауап бере алатын, шығармашыл, дарынды адамдардың қажеттілігін күшейтіп

отыр. Қазіргі мамандандырылған мектептер балалардың әлеуетін барынша ашу үшін оларға жағдай тудызу, білім берудің барлық сатыларында балалардың табиғи дарынын анықтау және дамытуды көздейді. Оқушылардың әлеуетін ашу үшін жағдай жасау, шығармашыл тұлға тәрбиелеу және дарындылығын ересек өмірде іске асыру, білім мазмұнын жанарту жағдайында мамандандырылған білім беру ұйымдарының кезек күттірмес міндетіне айналады. Осыған орай, мектептегі білім беру жүйесі оқушылардың дағдылары әртүрлі оқу және өмірлік жағдаяттарда, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда дамуға бағытталуы тиіс.

2020-2021 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған жанартылған білім мазмұнына сай әзірленген типтік оқу жоспары негізінде құрылды.

Жалпы оқу жұмыс жоспары инвариантты (базалық) және вариативті бөліктерден тұрады.

Мектебімізде 8-11 – сыныптар аралығында бағдарлы сыныптар жасақталған.

Бағдарлы сыныптардың оқу жұмыс жоспарында мамандандырылған бөліктегі вариативті компонентінде сыныптардың бағдарына сәйкес 7 сағат бейіндік екі пәнге бөлініп берілді.

Вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курстарына вариативті жүргізіледі:

- 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»;
- 6-сыныпта «Экология»;
- 8-сыныпта «Медиасауаттылық»;
- 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»;
- 10-11-сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері».

Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында «Дене шынықтыру» пәнінің үш сағатының бір сағаты 4-6 сыныптарда «Шахмат», 7-8 сыныптарда «Тоғызқұмалақ», 9-11 сыныптарда «Командалық ойындарға» бөлініп отыр.

Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка бөлінеді. Бұл ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка немесе 4 сағат апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларды жеделдетіп өткізуді ұйымдастырған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 ставка мөлшерінде қаражат бөлінеді. (*«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 27 қараша 2013 жылғы № 472 бұйрығы (Мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидалары 19 бөлім)*).

Ал, дарынды балалар үшін мектепке жылына бөлінген 1500 сағат мектебімізде оқушылардың олимпиадалық резервінің дайындығын жүргізетін «Болашақ» бөлімі арқылы ЖОО оқытушыларымен келісім шарт негізінде арнаулы курстар жүргізу үшін қолданылады. Бұл жүктеме оқу жұмыс жоспарында көрсетілмейді. Бұл сағаттар оқу жылы бойында игеріледі.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» (9-11 сыныптар) тандау курсы 1 сағат апталық жүктемемен жүргізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында жүзеге асырылады; 4-сыныптарда 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді. 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады.

Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

10-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша қосымша далалық оқу жиынына 30 сағат және 4 сағат сынақ үшін, барлығы 34 сағат жылдық жүктеме ретінде вариативті бөлімнен қарастырылған.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, 5-8-сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты мен факультатив сабақтар есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде іске асырылады.

2007 жылғы 7 тамыздағы №387 ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сай, 33 мамандандырылған білім ұйымдарының бірі болып, мектебіміз үш тілде білім беруге көшті. Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасын іске бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығы негізінде 2018-2019 оқу жылынан бастап жаратылыстану-математика бағытында оқытылатын 8-10 сыныптарда физика, химия, биология пәндері ағылшын тілінде оқушылар мен ата-аналардың тандауына байланысты жүргізіледі. 2021-2022 оқу жылында 8б, 8в, 8д, 9б, 9в, 10б, 10в – сыныптарында үш тілде білім беру физика, химия, биология пәндері бойынша жалғасады.

Бастауыш сыныптарда (4) және бейіналды даярлық сыныптарда (5-7) пәндер жалпы білім беру негізінде оқытылады. Ал 8-11 бағдарлы сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық, химия-биологиялық және физика-математикалық бағыттарда сәйкесінше бейінді пәндер терендетіліп оқытылады.

1. Бастауыш сыныптардың оқу жұмыс жоспары.

4а, 4б, - сыныптардың оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (95-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 75-қосымша негізінде жасалды.

4 сыныптарда **Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент** сағаттары әр сыныпқа музыка пәніне апталық 1 сағат жүктемемен «Мұрагер»(домбыра) және жаратылыстану мен дүниетану пәндеріне апталық 1 сағат жүктемемен «Өлкетану» курстарына бөлінді.

Вариативтік компонент есебінен әр сыныпқа апталық 1 сағат жүктемемен «Интеллектум» курсы ұйымдастырылады.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа бөлінген 0,25 ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

2. 5а, 5б, 5в (өнер сыныбы), 6а, 6б, 6в сыныптарының оқу жұмыс жоспары

5а, 5б, 5в (өнер сыныбы), 6а, 6б, 6в сыныптардың оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (97-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 77-қосымшаға сәйкес жасалды.

5-6 сыныптарда **Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент** сағаттары әр сыныпқа математика мен ағылшын тілі пәндеріне апталық 2 сағат жүктеме бөлінді.

Вариативті компонент есебінен 1 сағат апталық жүктемемен 5а, 5б, 5в, 5г (өнер сыныбы), 6а, 6б, 6в-сыныптарында «Интеллектум» тандау курсы, «Жаратылыстану пәнінен оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру жолдары», «Қазақ хандары», «Мұрагер» (домбыра) бағдарламасын жүзеге асыру үшін музыка пәні бойынша элективті курстар және

«Жаһандық құзыреттіліктер» курстары аясында 5-сыныптарда «Парасаттылық және әдеп» және 6-сыныптарда «Экология» курстары жүргізіледі.

Әр сыныпқа оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа бөлінген 0,25 ставка оқу жұмыс жоспарында орналасқан. Бұл ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

3. Бейіналды даярлық 7а, 7б, 7в (физика-математика), 7г,7д сыныптарының оқу жұмыс жоспары

Бейіналды даярлық жүргізілетін 7а, 7б, 7в (физика-математика) және 7г, 7д - сыныптардың оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 (97-қосымша) бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 77-қосымша негізінде жасалды.

Ата-аналар мен оқушылардың сұраныстарына сәйкес **Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент** сағаттары есебінен 7а, 7б, 7в сыныптарда әр сыныпқа математика пәніне апталық 3 сағат, физика пәніне апталық 4 сағат жүктемемен және 7г, 7д сыныптарына апталық 1 сағат жүктемемен қазақ тілі, Қазақстан тарихы, биология, химия, физика пәндеріне, апталық 2 жүктемемен математика пәніне бөлінді.

Вариативті компонент есебінен әр сыныпқа 1 сағат апталық жүктемемен «Сәкентану», «Let's talk in English», «Математикадан функционалдық сауаттылықтарын практикаға бағытталған есептерді шешу арқылы дамыту», «Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру», «Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын биология сабақтарында дамыту», «Химия пәнінен оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру жолдары» атты курстары жүргізіледі.

Әр сыныпқа оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа бөлінген 0,25 ставка оқу жұмыс жоспарында орналасқан. Бұл ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

4. Бағдарлы 8а (қоғамдық-гуманитарлық), үш тілде оқытатын 8б (химия-биология бағыты) мен 8в,8д (физика-математика бағыты) және 8г (өнер сыныбы) сыныптарының оқу жұмыс жоспары.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытта тереңдетіліп оқытылатын 8а сыныбының оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 (97-қосымша) бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 77-қосымша негізінде жасалды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8а-сыныбының **Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент** сағаттары қазақ тілі мен әдебиеті пәніне апталық 3 сағат және Қазақстан тарихы пәніне апталық 4 сағат жүктемемен бөлінді.

Үш тілде оқытылатын 8б сыныбының (химия-биология бағытындағы) және 8в, 8д – сыныптарының (физика-математика бағытындағы) оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (99-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 77-қосымша негізінде жасалды.

«Физика», сондай-ақ «Жаратылыстану» білім беру саласындағы пәндер бұл сыныптарда мектептің және оқу үдерісіне қатысушылардың мүмкіндігіне қарай ағылшын тілінде немесе қазақ тілінде оқытылады.

Химия-биология бағытындағы 8б сыныбының **Инварианттық** бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары биология пәніне апталық 3 сағат және химия пәніне апталық 4 сағат жүктемемен бөлінді.

Физика-математика бағытындағы 8в, 8д сыныптарының **Инварианттық** бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары математика пәніне апталық 3 сағат және физика пәніне апталық 4 сағат жүктемемен бөлінді.

Өнер бағытындағы 8г сыныбының **Инварианттық** бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары 2 сағат апталық жүктемемен математика пәніне, қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, биология, химия, физика пәндеріне әр пәнге апталық 1 сағат жүктемемен бөлінді.

Вариативті компонент есебінен 1 сағат апталық жүктемемен әр сыныпта «Қадыртану», «Математикадан функционалдық сауаттылықтарын практикаға бағытталған есептерді шешу арқылы дамыту», «Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру», «Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын биология сабақтарында дамыту», «Химия пәнінен оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру жолдары», «География пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» атты курстар, апталық 1 сағат жүктемемен «Жаһандық құзыреттіліктер» курстары аясында «Медиасауаттылық» курсы жүргізіледі.

Әр сыныпқа оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа бөлінген 0,25 ставка оқу жұмыс жоспарында орналасқан. Бұл ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

5. Бағдарлы 9а (қоғамдық-гуманитарлық), үш тілде оқытатын 9б (химия-биология бағыты) және 9в (физика-математика бағыты) сыныптарының оқу жұмыс жоспары.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 9а сыныптарының оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (97-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 77-қосымша негізінде жасалды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 9а сыныбының **Инварианттық** бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары қазақ тілі мен әдебиеті пәніне апталық 3 сағат және Қазақстан тарихы пәніне апталық 4 сағат жүктемемен бөлінді.

Вариативті компонент есебінен 1 сағат апталық жүктемемен 9а сыныбында «Қадыртану», «Зайырлық және дінтану негіздері», «Алаштану», «Математикадан функционалдық сауаттылықтарын практикаға бағытталған есептерді шешу арқылы дамыту», «Экономика және елтану», «Let's talk in English», «Грамотность чтения» курстары жүргізіледі.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» тандау курсы 1 сағат апталық жүктемемен жүргізіледі.

Үш тілде оқытатын 9б-сыныбының (химия-биология бағытындағы) және 9в – сыныбының (физика-математика бағытындағы) оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (99-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 77-қосымша негізінде жасалды.

«Математика», сондай-ақ «Жаратылыстану» білім беру саласындағы пәндер бұл сыныптарда мектептің және оқу үдерісіне қатысушылардың мүмкіндігіне қарай ағылшын тілінде немесе қазақ тілінде оқытылады.

Химия-биология бағытындағы 9б сыныбының Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары биология пәніне апталық 3 сағат және химия пәндеріне апталық 4 сағат жүктеме бөлінді.

Вариативті компонент есебінен 1 сағат апталық жүктемемен 9б сыныбында «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Математикадан функционалдық сауаттылықтарын практикаға бағытталған есептерді шешу арқылы дамыту», «Бейорганикалық және органикалық қосылыстар», «Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын биология сабақтарында дамыту», «Let's talk in English», «Грамотность чтения» курстары жүргізіледі.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» таңдау курсы 1 сағат апталық жүктемемен жүргізіледі.

Физика-математика бағытындағы 9в сыныбының Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары математика пәніне апталық 3 сағат және физика пәніне апталық 4 сағат жүктеме бөлінді.

Вариативті компонент есебінен 1 сағат апталық жүктемемен 9б сыныбында «Жаһандық құзыреттіліктер» курстары аясында «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Математикадан функционалдық сауаттылықтарын практикаға бағытталған есептерді шешу арқылы дамыту», «Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру», «Экономика және елтану», «Let's talk in English», «Грамотность чтения» курстары жүргізіледі.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» таңдау курсы 1 сағат апталық жүктемемен жүргізіледі.

Әр сыныпқа оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа бөлінген 0,25 ставка оқу жұмыс жоспарында орналасқан. Бұл ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

6. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша оқытылатын 10а сыныптың оқу жұмыс жоспары.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытында оқытылатын 10а сыныптың оқу жұмыс жоспары жанартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (103-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 83-қосымша негізінде жасалды.

Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары әр пәнге апталық 2 сағат жүктемемен қазақ тілі мен әдебиеті және Қазақстан тарихы пәндеріне бөлінді.

Вариативтік компоненті есебінен 1 сағат апталық жүктемемен 10а сыныбында «Жағандық құзыреттілік» курстары аясында «Кәсіпкерлі және бизнес негіздері», «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері», «Оқу сауаттылығы», «Эссе жазуға баулудың тиімді тәсілдері», «Ораторское искусство и деловое общение», «Көшпенділердің материалдық мәдениеті», «Тарихи тұлғалар», «Ready for IELTS» курстары жүргізіледі.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» және 2021-2022 оқу жылындағы

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы «Әдістемелік нұсқау хат» негізінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқу-далалық жиындарын жүргізу үшін вариативтік компоненті есебінен 30 сағат және сынақ үшін 4 сағат, барлығы 34 сағат жылдық жүктемемен жүргізіледі.

7. Жаратылыстану - математикалық бағыт химия-биология бағдары бойынша оқытылатын 10б сыныптың оқу жұмыс жоспары.

Жаратылыстану-математикалық бағыты химия-биология бағдары бойынша оқытылатын 10б сыныптың оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (101-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 81- қосымшаға сәйкес жасалды.

Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары әр пәнге апталық 2 сағат жүктемемен химия және биология пәндеріне бөлінді.

Вариативтік компоненті есебінен 10б сыныбында 1 сағат апталық жүктемемен «Жағандық құзыреттілік» курстары аясында «Кәсіпкерлі және бизнес негіздері», «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері», «Оқу сауаттылығы», «Биотехнология», «Органикалық химия курсы молульдер оқыту», «Туған өлкем» (география), «Тарихи тұлғалар», «Ready for IELTS» курстары жүргізіледі.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» және 2021-2022 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы «Әдістемелік нұсқау хат» негізінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқу-далалық жиындарын жүргізу үшін вариативтік компоненті есебінен 30 сағат және сынақ үшін 4 сағат, барлығы 34 сағат жылдық жүктемемен жүргізіледі.

8. Жаратылыстану-математикалық бағыт физика-математика бағдары бойынша оқытылатын 10в және 10г сыныптарының оқу жұмыс жоспары.

Жаратылыстану-математикалық бағыты физика-математика бағдары бойынша оқытылатын 10в және 10г сыныптарының оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (101-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 81-қосымшаға сәйкес жасалды.

Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары әр пәнге апталық 2 сағат жүктемемен математика және физика пәндеріне бөлінді.

Вариативтік компонент есебінен 10в, 10г сыныптарында 2 сағат апталық жүктемемен «Физикадан есептер шығару практикумы», 1 сағат апталық жүктемемен «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері», «Оқу сауаттылығы», «Математика пәні бойынша олимпиадаға дайындық курсы», «Физикадан есептер шығару практикумы», «Туған өлкем» (география), «Ready for IELTS», сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» және 2021-2022 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы «Әдістемелік нұсқау хат» негізінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқу-далалық

жиындарын жүргізу үшін вариативтік компоненті есебінен 30 сағат және сынақ үшін 4 сағат, барлығы 34 сағат жылдық жүктемемен жүргізіледі.

9. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша оқытылатын 11а сыныптың оқу жұмыс жоспары.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытында оқытылатын 11а сыныптың оқу жұмыс жоспары жанартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 21-қосымшасына сәйкес жасалды.

Оқу жұмыс жоспарының инварианттық компоненттегі тереңдетілген деңгей бойынша оқушылар мен ата-аналардың сұранысы негізінде «Шетел тілі» мен «География» және «Дүниежүзі тарихы» мен «Құқық негіздері» пәндері оқытылады.

Инварианттық компоненттегі стандарттық деңгей бойынша «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні оқытылады.

Инварианттық компоненттен таңдау пәндері бойынша 2 сағат апталық жүктемемен «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» пәндеріне бөлініп берілді.

Вариативтік компоненті есебінен 1 сағат апталық жүктемемен «Оқу сауаттылығы», «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері», «Ready for IELTS», «Эссе жазуға баулудың тиімді тәсілдері», «Жайық өңірі әдебиеті», «Жаңа әлемдегі-Жаңа Қазақстан», «Халықаралық қатынастар тарихы» курстары, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» курсы жүргізіледі және «Дене шынықтыру» пәні бойынша командалық ойындарға 1 сағат бөлінді.

Әр сыныпқа оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа бөлінген 0,25 ставка оқу жұмыс жоспарында орналасқан. Бұл ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

10. Жаратылыстану - математикалық бағыт химия-биология бағдары бойынша оқытылатын 11б сыныптың оқу жұмыс жоспары.

Жаратылыстану-математикалық бағыты химия-биология бағдары бойынша оқытылатын 11б сыныбының оқу жұмыс жоспары жанартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (101-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 22-қосымшасына сәйкес жасалды.

Оқу жұмыс жоспарының инварианттық компоненттегі тереңдетілген деңгей бойынша оқушылар мен ата-аналардың сұранысы негізінде «Химия» мен «Биология» пәндері оқытылады.

Инварианттық компоненттегі стандарттық деңгей бойынша апталық 2 сағат жүктемемен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні оқытылады.

Инварианттық компоненттен таңдау пәндері бойынша 2 сағат апталық жүктемемен «Химия» және «Биология» пәндеріне бөлініп берілді.

Вариативтік компоненті есебінен 1 сағат апталық жүктемемен «Оқу сауаттылығы», «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы», «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері», «Биотехнология», «Туған өлкем» (география), «Қиындық деңгейі жоғары есептерді шығару», «Ready for IELTS» курстары, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына

қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» курсы жүргізіледі және «Дене шынықтыру» пәні бойынша командалық ойындарға 1 сағат бөлінді.

Әр сыныпқа оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа бөлінген 0,25 ставка оқу жұмыс жоспарында орналасқан. Бұл ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

11. Жаратылыстану-математикалық бағыт физика-математика бағдары бойынша оқытылатын 11в сыныптың оқу жұмыс жоспары.

Жаратылыстану-математикалық бағыты физика-математика бағдары бойынша оқытылатын 11в сыныптың оқу жұмыс жоспары жанартылған білім мазмұнына сай «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (101-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 22-қосымшаға сәйкес жасалды.

Оқу жұмыс жоспарының инварианттық компоненттегі тереңдетілген деңгей бойынша оқушылар мен ата-аналардың сұранысы негізінде «Физика» мен «География» пәндері оқытылады.

Инварианттық компоненттегі стандарттық деңгей бойынша оқушылар мен ата-аналардың сұранысы негізінде 2 сағат жүктемемен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» және «Графика және жобалау» пәндері оқытылады.

Инварианттық компоненттен таңдау пәндері бойынша «Математика» және «Физика» пәндеріне 2 сағаттан бөлінді.

Вариативтік компоненті есебінен апталық 1 сағат жүктемемен «Туған өлкем» (география), «Оқу сауаттылығы», «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы», «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері», «Физикадан есептер шығару практикумы», «Математика пәні бойынша олимпиадаға дайындық курсы», «Ready for IELTS», сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жанғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» курсы жүргізіледі және «Дене шынықтыру» пәні бойынша командалық ойындарға 1 сағат бөлінді.

Әр сыныпқа оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа бөлінген 0,25 ставка оқу жұмыс жоспарында орналасқан. Бұл ставка параллель сыныптарда әр сыныпта 0,25 ставка апталық жүктеме үлесі сақталатындай, үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлініп беріледі.

12. Өнер мектебінің оқу жұмыс жоспары.

Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ мектеп-интернат кешені жанындағы өнер мектебінің оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы 2011 жылғы 27 желтоқсан №543 бұйрығы негізінде құрылды.

Ұсынылған типтік жоспарды басшылыққа ала отырып, өнер мектебінің 4 бөліктен тұратын оқу жоспары жасакталды :

- Аспаптар (домбыра, кобыз, баян, прима, фортепиано);
- Ән- терме ;
- Көркемсурет ;

- Хореография

Осы жоспар қосымша білім берудің оқу пәндерінің көлемін, оларды оқытуды анықтайды, оқушылардың оқу жүктемесінің көлемін қамтиды.

Балалар музыка мектептеріндегі, балалар көркемөнер мектептеріндегі және балалар өнер мектептеріндегі қосымша білім берудің негізгі міндеттері:

- Балалардың білім қажеттіліктерін, олардың шығармашылық қабілеттерін, ерте бейіндік бағдарлануын дамытуға ықпал етеді ;
- Музыкалық, хореографиялық және бейнелеу өнерінің негіздеріне оқыту ;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін іске асыру үшін жағдайлар жасау;
- Өнер саласындағы шығармашыл дарынды оқушыларды анықтау,
- Білім беру ұйымында кейінгі деңгейде оқуды жалғастыру үшін бастауыш бейіндік дайындау.

Оқу жоспарының жалпы курсы 1,2,3 кластар үшін оқушының кәсібі мүмкіндігін байқау, іріктеу кезені, музыка туралы жалпы мәлімет алғысы келген оқушыларға арналған.

3 сынып аяғында сольфеджио пәнінен Мемлекеттік емтиханның қорытындысы бойынша оқушылар іріктелініп, дарынды оқушылар ары қарай арнайы курсқа өтеді. Арнайы курс өте дарынды, музыкаға деген қабілеті жоғары оқушыларға арналған. Мамандыққа 1 сағат қосылады.

2007 -2008 оқу жылынан бастап мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен (2007 жылғы 20 сәуір, №2 хаттама) арнайы өнер бағытындағы тереңдетілген 5-9 сыныптарға дарынды оқушылар қабылданып жүр. Бұл бағыттағы оқушылар өнер бағытында тереңдетілген аспаптар класының оқу жоспары бойынша білім алады

1. Бастауыш сыныптардың оқу жұмыс жоспары
4а, 4б, 4в - сыныптарының оқу жұмыс жоспары
(2021-2022 оқу жылы) 415 бұйрық 12-қосымша (75 қосымша)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме, сағат	
		4а	4б	4в	апталық	жылдық
Инварианттық компонент						
I	Тіл және әдебиет	11	11	11	33	1122
1	Ана тілі	-	-	-	0	0
2	Қазақ тілі	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі	2	2	2	6	204
5	Шетел тілі (ағылшын)	2	2	2	6	204
II	Математика және информатика	6	6	6	18	612
6	Математика	5	5	5	15	510
7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	1	1	1	3	102
III	Жаратылыстану	1	1	1	3	102
8	Жаратылыстану	1	1	1	3	102
IV	Адам және қоғам	2	2	2	6	204
9	Дүниетану	1	1	1	3	102
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	3	102
V	Технология және өнер	2	2	2	6	204
11	Музыка	1	1	1	3	102
12	Көркем еңбек	1	1	1	3	102
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306
13	Дене шынықтыру (шахмат)	3	3	3	9	306
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		2	2	2	6	204
«Мұрагер»		1	1	1	3	102
«Өлкетану»		1	1	1	3	102
Инварианттық оқу жүктемесі		27	27	27	81	2754
Вариативтік компонент						
Дамытушылық сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	1	1	3	102
«Интеллектум»		1	1	1	3	102
Вариативтік оқу жүктемесі		1	1	1	3	102
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		28	28	28	84	2856
Үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар жұмысын жүргізу үшін бөлінген сағаттар						
Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар		0,25 (4 сағ)	0,25 (4 сағ)	0,25 (4 сағ)	0,75 (12 сағ)	25,5 (408 сағ)
«Логика»		1	1	1	3	102
«Қызықты грамматика»		1	1	1	3	102
«Жас эколог»		1	1	1	3	102
«Қызықты математика»		1	1	1	3	102

8

3. 7а, 7б, 7в (физика-математика), 7г,7д - сыныптарының оқу жұмыс жоспары
(2021-2022 оқу жылы) 415 бұйрық 14-қосымша (77- қосымша)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат					Жүктеме, сағат	
		7а	7б	7в	7г	7д	Апта	Жыл
Инварианттық компонент								
I	Тіл және әдебиет	10	10	10	10	10	50	1700
1	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	10	340
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	10	340
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
5	Шет тілі (ағылшын)	3	3	3	3	3	15	510
II	Математика және информатика	4	4	4	4	4	20	680
	Математика	-	-	-	-	-	-	0
6	Алгебра	2	2	2	2	2	10	340
7	Геометрия	1	1	1	1	1	5	170
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
III	Жаратылыстану	4	4	4	4	4	20	680
10	Жаратылыстану	-	-	-	-	-	-	0
9	Физика	1	1	1	1	1	5	170
10	Химия	1	1	1	1	1	5	170
11	Биология	1	1	1	1	1	5	170
12	География	1	1	1	1	1	5	170
IV	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	15	408
13	Қазақстан тарихы	1	1	1	1	1	5	170
14	Дүние жүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
15	Құқық негіздері	-	-	-	-	-	-	0
16	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
V	Технология және өнер	1	1	1	1	1	5	170
17	Музыка	-	-	-	-	-	-	0
18	Көркем еңбек	1	1	1	1	1	5	170
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	408
19	Дене шынықтыру (тоғызқұмалақ)	3	3	3	3	3	15	408
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		7	7	7	7	7	35	1190
Қазақ тілі мен әдебиеті		-	-	-	1	1	2	68
Қазақстан тарихы		-	-	-	1	1	2	68
